



27/1-02/89 01.09.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С. Сейтжанова
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 478-2026

Мерзімі	Көшірмесі	Басылым
		Үшінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 478 -2026
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже		3-ші басылым 10 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ҰСЫНҒАН.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Мерзімді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 478 -2026
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже		3-ші басылым 10 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ	5
4 КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	5
5 КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ.....	6
6 КЕҢЕС ПЕН ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.	7
7 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	8
8. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫСУ РЕТТІЛІГІ	8

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 478 -2026	
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	3-ші басылым 10 беттің 4 беті	

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже Қазақстан Республикасында күші бар заңнамаларды, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі және Қазақстан Республикасы Ғылым және білім және министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық өкімдік құжаттарды, «ОҚМА» АҚ жарғысын, «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026 «ОҚМА»;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Ғылыми жоба - белгілі бір ғылыми салада жаңа білім алу мақсатында жүргізілетін ғылыми зерттеу.

Ғылыми ұжым - ғылыми жобада немесе ғылыми салада бірлесіп жұмыс істейтін, идеялар мен зерттеу нәтижелерімен алмасатын ғалымдар тобы.

Жас ғалымдар кеңесі - жаңадан бастаған зерттеушілердің кәсіби қалыптасуына, тәжірибе жинақтауға, шығармашылық өсуге, жастардың ғылыми әлеуетін барынша пайдалануға жәрдемдесуге арналған қоғамдық ұйым.

Академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 478 -2026	
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	3-ші басылым 10 беттің 5 беті	

қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

«ОҚМА» АҚ - "Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" Акционерлік қоғамы.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1 "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ (бұдан әрі -"ОҚМА" АҚ) жас ғалымдар кеңесі - жас зерттеушілердің, студенттердің, интерндердің, резиденттердің, магистранттардың, докторанттардың, оқытушылар мен мамандардың кәсіби қалыптасуына, тәжірибе жинақтауға, шығармашылық өсуге, жастардың ғылыми әлеуетін барынша пайдалануға жәрдемдесуге арналған қоғамдық ұйым. Кеңес алқалы орган болып табылады, оның құзыретіне «ОҚМА» АҚ-да жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, жұмыс істеуге және дамытуға байланысты барлық мәселелерді қарау және шешу жатады.

3.2 Кеңес "ОҚМА" АҚ 35 жасқа дейінгі, кеңестің мақсаттарымен бөлісетін және оның алдында тұрған міндеттерді шешуге қатысатын жас ғалымдарын біріктіреді. Жас ғалымдар кеңесін ұйымдастыру туралы шешімді бірінші проректор қабылдайды және ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.3 Кеңес өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР қолданыстағы заңнамасын, "ОҚМА" АҚ жарғысын және осы ережені басшылыққа алады. Кеңес "ОҚМА" АҚ медициналық мекемелер үшін білікті кадрларды даярлау, ғылыми зерттеулерді орындау, жастар арасында медицина ғылымының жаңа жетістіктерін насихаттау және оны өзекті бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмысқа тарту жөніндегі міндеттерін орындауға жәрдемдеседі.

3.4 Жас ғалымдар Кеңесі ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректордың басшылығымен жұмыс істейді.

4 КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Кеңес құрудың мақсаты талантты жастарды тарту және бекіту негізінде ғылыми зерттеулерді жандандыру және жетілдіру, сондай-ақ жас

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 478 -2026	
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	3-ші басылым 10 беттің 6 беті	

ғалымдардың мүдделерін білдіру, олардың ғылыми-зерттеу жұмысы мен әлеуметтік саладағы қызметін қолдау болып табылады.

4.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

- "ОҚМА" АҚ ғылыми және қоғамдық өміріндегі жас ғалымдардың белсенділігін арттыру;
- басқа ғылыми-зерттеу ұйымдарының, жоғары оқу орындарының және т. б. жас ғалымдардың кеңестерімен өзара қарым-қатынас орнату;
- жас ғалымдардың жариялау қызметіне қатысу;
- "ОҚМА" АҚ ғылыми конференцияларын, семинарларын және басқа да іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;
- "ОҚМА" АҚ Ғылыми кеңесіне ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан талантты жас ғалымдарды атаулы стипендиялар, нысаналы сыйлықтар және көтермелеудің басқа да нысандарын ізденушілердің кандидатураларын қарауға ұсыныс;
- "ОҚМА" АҚ жас ғалымдардың қатысуымен Халықаралық ғылыми, мәдени және өзге де байланыстарды нығайтуға және дамытуға жәрдемдесу.

5 КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1 Жас ғалымдар Кеңесі Ғылыми кеңеске есеп береді және өз қызметінде "ОҚМА" АҚ ережелерін басшылыққа алады.

5.2 Кеңес кемінде бес мүшеден тұрады және оған жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және басқа мүшелері кіреді. Қажет болған жағдайда Кеңес құрамына нақты міндеттерді шешуге жауаптылар енгізілуі мүмкін.

5.3 Кеңес мүшелерінің жасы 35 жастан аспауы тиіс (қоса алғанда). Кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімдеріне басқа да шектеулер көзделмейді.

5.4 Жас ғалымдар кеңесі мүшелерінің кандидатуралары ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын, зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесі бар, факультеттерде беделге ие жас ғалымдар мен мамандар қатарынан ұсынылады. Қажет болған жағдайда кеңес өз құрамына жаңа мүшелерді енгізе алады.

5.5 Кеңестің жаңа мүшелерінің кандидатуралары жас ғалымдар кеңесінің жиналысында қатысушылардың көпшілігімен бекітіледі.

5.6 Кеңестің барлық отырыстары жас ғалымдар кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес кемінде үш айда бір рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда отырыстар жиі өткізілуі мүмкін. Кеңес, егер отырысқа оның құрамының жартысынан астамы қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Барлық мәселелер

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 478 -2026	
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	3-ші басылым 10 беттің 7 беті	

ашық дауыс беру арқылы шешіледі және отырысқа қатысушылардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

5.7 Бір жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша Жас ғалымдар кеңесі өткізілген қызмет туралы қорытынды есеп дайындайды.

6 КЕҢЕС ПЕН ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Кеңес міндетті:

- ғылыми кеңесте өз қызметі туралы жылына бір рет есеп беруге;
- Кеңес туралы ережені сақтауға;
- Кеңестің мақсаттары мен міндеттерін орындауға белсенді жәрдемдесуге, оның қызметін насихаттауға;

6.2 Кеңестің құқығы:

- Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша «ОҚМА» АҚ басшылығының қарауына ұсыныстар мен құжаттардың жобаларын енгізуге;
- қол жеткізген жетістіктері үшін жекелеген жас ғалымдарды қолдау және көтермелеу туралы академия басшылығының қарауына ұсыныстар енгізуге;
- "ОҚМА" АҚ Ғылымдық кеңесінің қарауына жас ғалымдардың басылымға дайындалған монографияларын, кітаптары мен ғылыми еңбектер жинақтарын шығаруға;
- мәдени және басқа да іс-шараларды жүзеге асыруға ұсыныстар енгізу және қатысуға;
- өз қызметі туралы ақпарат таратуға.

6.3 Кеңес мүшелерінің құқығы:

- Кеңестің басқарушы органдарына сайлау және сайлануға;
- бекітілген регламентке сәйкес Кеңес отырыстарына қатысуға, бастама көтеруге, өз көзқарастарын білдіруге, ұсыныстарды қарауға енгізуге және барлық қаралатын мәселелерді еркін талқылауға қатысуға;
- өз қалауы бойынша, кеңес белгілеген тәртіпке сәйкес, кеңеске мүшелігін тоқтатуға;

6.4 Кеңес мүшесінің міндеттері:

- осы ережені сақтау және Кеңестің осы ережеде айқындалған өкілеттіктері шегінде қабылданған шешімдерін орындау;
- өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау, өз қызметінде Кеңестің мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа алу;
- Кеңестің құзыретіне қатысты қызметте кеңестің шешімдерін қатаң сақтау керек.
- «ОҚМА» АҚ-ның Кеңес мүшесі болып табылатын кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 478 -2026	
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже	3-ші басылым 10 беттің 8 беті	

әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті;

– Кеңес мүшесі жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

6.5 Кеңес мүшелерінен шығару мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- Кеңестің жалпы жиналысының шешімі бойынша кері байланыс;
- Кеңес мүшесінің осы ережені өрескел бұзатын әрекеттер жасау;
- Кеңестің шешімдерін орындамау;
- Кеңес құрамынан шығу туралы өз шешімі туралы жазбаша хабарлама берген жағдайда.

7 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1 Кеңес қызметін «ОҚМА» АҚ басшылығымен үйлестіру, ағымдағы бақылау және кеңес беру үшін жауапкершілік ғылыми жұмыстар бөліміне жүктеледі.

7.2 Кеңес төрағасы Кеңес қызметі үшін «ОҚМА» АҚ ректоры мен проректорлары ұсынатын «ОҚМА» АҚ жоғары басшылығының алдында дербес жауапты болады.

7.3 Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

7.4 Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

8. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫСУ РЕТТІЛІГІ

8.1 Үйлестіруге жауаптылар:

Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор және ғылыми жұмыстар бөлімі «ОҚМА» АҚ-ның барлық бөлімшелерімен жас ғалымдар кеңесінің қызметін үйлестіруге, ағымдағы бақылау мен кеңес беруге жауапты.

8.2 Есеп беру және регламент:

Жас ғалымдар кеңесі «ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесіне есеп береді.

Кеңестің барлық отырыстары мен шешімдері Ғылымдық кеңеспен келісілетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес өтеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 478 -2026
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже		3-ші басылым 10 беттің 9 беті

8.3 Бастамалар мен ұсыныстар:

Кеңес ұсыныстарды және құжаттардың жобаларын Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша «ОҚМА» АҚ басшылығының қарауына жіберуге құқылы.

Іс-шаралар өткізу, ғылыми еңбектер шығару немесе ғалымдарды қолдау жөніндегі ұсынымдар сияқты шешімдер мен бастамалар бекітілген арналар арқылы тиісті бөлімшелердің қарауына шығарылады.

8.4 Ақпараттық өзара іс-қимыл:

Кеңес құрылымдық бөлімшелерге өз қызметі туралы тұрақты есептер және бөлімшелердегі жауапты тұлғалармен өзара іс-қимыл арқылы хабарлайды.

Кеңестің өткізілетін іс-шаралары мен жетістіктері туралы ақпарат «ОҚМА» АҚ-ның барлық мүдделі бөлімшелеріне таратылады.

8.5 Өзара әрекеттесу үшін жауапкершілік:

Кеңес төрағасы кеңестің іс-әрекетін «ОҚМА» АҚ басшылығымен келісуге, оның ішінде ректоратпен және басқа бөлімшелермен өзара әрекеттесуге жауапты.

Қажет болған жағдайда кеңес өзара іс-қимылдың нақты бағыттарын үйлестіруге жауапты тұлғаларды тағайындай алады.

8.6 Құрылымдық бөлімшелердің қатысуы:

«ОҚМА» АҚ бөлімшелері кеңес ұйымдастыратын іс-шараларға (ғылыми конференциялар, семинарлар және т.б.) қатысуға шақырылады және өз құзыреті шеңберінде қажетті қолдау көрсетеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 478 -2026
«ОҚМА» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже		3-ші басылым 10 беттің 10 беті

Әзірлеген:

Лауазымы	Т.А.Ә.
Ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісі м.а.	Мухамедияров М.Н.

Тексерген:

Лауазымы	Т.А.Ә.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасы басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Лауазымы	Т.А.Ә.
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Мухамедияров Майдан Нагашыбаевич	Разработано	25.08.2026, 11:10:40	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	31.08.2026, 17:46:11	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	27.08.2026, 16:50:01	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	27.08.2026, 09:05:52	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденевич	Согласовано	27.08.2026, 15:15:39	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	31.08.2026, 18:22:30	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Ержанов Нурлан Амирович	Зарегистрировано	01.09.2026, 14:20:43	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед

